



01.09.2023 № 511-1828

2023.09.29 тағалы № 40/8-VIII

**Астана қаласының  
кейбір білім беру ұйымдарына жеке  
адамдардың есімдерін беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармағына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Астана қаласының мынадай білім беру ұйымдарына:
  - 1) Астана қаласы әкімдігінің «№ 20 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шәкен Аймановтың есімін;
  - 2) Астана қаласы әкімдігінің «№ 27 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Қасым Қайсеновтың есімін;
  - 3) Астана қаласы әкімдігінің «№ 38 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Әлімхан Ермековтың есімін;
  - 4) Астана қаласы әкімдігінің «№ 63 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Шерхан Мұртазаның есімін;
  - 5) Астана қаласы әкімдігінің «№ 64 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Сұлтанбек Қожановтың есімін;
  - 6) Астана қаласы әкімдігінің «№ 94 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Тұрсынбек Кәкішевтің есімін;

7) Астана қаласы әкімдігінің «№ 89 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Дулат Бабатайұлының есімін;

8) Астана қаласы әкімдігінің «№ 44 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Рақымжан Қошқарбаевтың есімін;

9) Астана қаласы әкімдігінің «№ 24 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Жүсіпбек Аймауытовтың есімін;

10) Астана қаласы әкімдігінің «№ 59 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына Кәрім Мыңбаевтың есімін;


11) Астана қаласы әкімдігінің «№ 34 мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Барлыбек Сырттанұлының есімін беру туралы ұсыныстар мақұлданын.

2. Осы бірлескен Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Республикалық ономастикалық комиссиясының қарауына енгізілсін.


**Астана қаласының әкімі**

 **Ж. Қасымбек**

**Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**

 **Е. Каналимов**

**Астана қаласы  
әкімінің орынбасары**

 **Е. Байкен**

**«Астана қаласы әкімінің  
аппараты» мемлекеттік мекемесі  
мемлекеттік-құқықтық  
бөлімінің басшысы**

 **Т. Мусин**

**«Астана қаласының  
Білім басқармасы» мемлекеттік  
мекемесінің басшысы**



**Қ. Сенғазыев**

**«Астана қаласының  
Тілдерді дамыту және архив  
ісі басқармасы» мемлекеттік  
мекемесінің басшысы**



**С. Есіркеп**

